

## БЕКІТЕМІН

Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 4 бөбекжайы» КМҚК меңгерушісінін ма.  
Феденко Н.С.



Мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қамтылмаған балаларға және ата-аналарға (занды өкілдерге) арналған консультациялық пункт туралы  
ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ереже

- 1.1. Үйде тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункт 2024-2025 оқы жына Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Рудный қаласы білім бөлімінің «№ 4 бөбекжайы» КМҚК базада ұйымдастырылады
- 1.2. Консультациялық пункт мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын іске асыратын мектепке дейінгі білім беру ұйымының құрылымдық бөлімшесі болып табылады.
- 1.3. Консультациялық пункт мектепке дейінгі ұйымдарға бармайтын 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың ата-аналары (занды өкілдері) үшін құрылады.
- 1.4. Осы ереже мектепке дейінгі ұйым базасында жұмыс істейтін консультациялық пункттердің қызметімен реттеледі.
- 1.5. Консультациялық пункт мектепке дейінгі жастағы балаларды тәрбиелеу мен дамытуда отбасына көмек көрсетудің бір түрі болып табылады.
- 1.6. Үйде тәрбиеленетін мектеп жасына дейінгі балалардың ата-аналарына (занды өкілдеріне) арналған консультациялық пункттің қызметі өтеусіз негізде жүзеге асырылады.
- 1.7. Консультациялық пункт мектеп жасына дейінгі балаларды мектепке даярлау мәселелері бойынша ата-аналардың (занды өкілдердің) ата-аналарына онлайн кеңес ұйымдастыра алады.

### 2. Консультациялық пункт жұмысының мақсаттары мен міндеттері

- 2.1. Консультациялық пункт отбасылық және қоғамдық тәрбиенің бірлігі мен сабақтастығын қамтамасыз ету, мектеп жасына дейінгі балаларды үйде тәрбиелеп отырған отбасыларға консультациялық-әдістемелік көмек көрсету, балабақшаға бармайтын балалардың жеке басының жан-жақты дамуын қолдау мақсатында құрылады.